

Қазақстандық кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға жедел көшуі жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 175-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 23 маусымдағы N 172-ө Өкімімен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008.06.23 N 172-ө Өкімімен.

Қазақстан Республикасының экономикасы секторларын халықаралық стандарттарға көшуі мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстандық кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға жедел көшуі жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Жоспар іс-шараларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 27 маусымдағы

N 175-ө өкімімен бекітілген

Қазақстандық кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға жедел көшуі жөніндегі жоспар

Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
1. Халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі мемлекеттік басқаруды жетілдіру					
1.1 "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде мемлекеттік сатып алуды жүргізген кезде халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес	Заң жобасы	Қаржымині (жинақтау), ИСМ	2006 жылдың III тоқсаны		

менеджмент жүйесін енгізген ұйымдарды ынталандыру жөнінде шаралар әзірлеу				талап етілмейді	
1.2 ИСО 9001, 14001, 22000 және OHSAS 18001, SA 8000, ХАССП халықаралық стандарттарына сәйкес келетін менеджмент жүйелерін енгізу жөніндегі өңірлік жоспарларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2006 жылдың IV тоқсаны, 2007 жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	

2. Менеджмент жүйелері және өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі саласындағы нормативтік және ақпараттық қамтамасыз ету

2.1 ИСО 22000:2005, 14001 :2004 халықаралық стандарттары базасында тамақ қауіпсіздігі менеджменті және экологиялық менеджмент жүйелері саласындағы мемлекеттік стандарттарды қабылдау	Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	ИСМ (жинақтау), АШМ, ДСМ, Қоршаған ортаның	2007 жылдың I тоқсаны	талап етілмейді	
2.2 Менеджмент жүйелері саласындағы әдістемелік құралдарды әзірлеу және басып шығару	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2007 жылдың I тоқсаны	талап етілмейді	

3. Сапа менеджментінің нысандары мен әдістерін жетілдіру

3.1 Қазақстанда шет елдердің тізілімдерінде тіркелген менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі органдарды есептік тіркеу жөніндегі шараларды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2007 жылдың I тоқсаны	талап етілмейді	
3.2 Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі мүдделі қазақстандық органдарды шетелдік аккредиттеу жүйелерінде аккредиттеуге дайындау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2007 жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	
3.3 Менеджмент жүйелері саласындағы шетелдік ұйымдармен ақпараттық ынтымақтастықты жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2006 жылдың IV тоқсаны,		

			2007 жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	
3.4 Мемлекеттік органдар ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МҚА, мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2006 жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	
4. Кадрлар даярлау					
4.1 Менеджмент жүйелері саласындағы кадрлардың біліктілігін арттырудың және оларды қайта даярлаудың үлгі бағдарламаларын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2006 жылдың IV тоқсаны, 2007 жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	
4.2 Республикалық бюджет комиссиясының қарауына халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудиторларды даярлау жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2006 жылдың IV тоқсаны, 2007 жылдың IV тоқсаны	2007* жыл - 150,5	Республикалық бюджет комиссиясының шешімі
4.3 Республикалық бюджет комиссиясының қарауына "Сапа" философиясының негіздері" элективті мектеп курсының оқу бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ	2007 жылдың II тоқсаны	2007* жыл - 4,4	Республикалық бюджет комиссиясының шешімі
5. Сапа менеджменті саласындағы ұйымдастыру іс-шаралары және насихат					
5.1 ИСО 9001, 14001, 22000 және OHSAS 18001, SA 8000, ХАССП халықаралық стандарттарына сәйкес менеджмент жүйелерін енгізу мәселелері жөнінде баспасөзде ұдайы жарияланымдар мен айдарлар, радио мен теледидарда сөз сөйлеулер ұйымдастыруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), АШМ, ДСМ, ЭМРМ, ТЖМ, Еңбекмині, Қоршағанортамині	2006 жылдың IV тоқсаны, 2007 жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	
5.2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін"	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2006 жылдың IV тоқсаны, 2007		

сыйақысына ізденуге конкурстар және "Қазақстанның үздік тауарлары" атты көрме-конкурсын өткізуді жақсарту жөнінде ұсыныстар дайындау			жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	
5.3 ИСО 9001, 14001, 22000 және OHSAS 18001, SA 8000, ХАССП халықаралық стандарттарына сәйкес менеджмент жүйелерін енгізу бойынша салалық және өңірлік семинарлар (конференциялар) өткізу жөнінде жоспарлар әзірлеу және іске асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2006 жылдың IV тоқсаны, 2007 жылдың IV тоқсаны	талап етілмейді	
5.4 ИСО 9001, 14001, 22000 және OHSAS 18001, SA 8000, ХАССП халықаралық стандарттарына сәйкес келетін менеджмент жүйелерін әзірлеу және енгізу мониторингін жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2006 - 2007 жылдары тоқсан сайын	талап етілмейді	

Е с к е р т п е л е р :

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
 ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
 ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
 БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
 Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
 АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
 Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
 Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
 ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
 ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

* Қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК